

**Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты табысы аз азаматтарға өтемақы және балаларға жәрдемақы төлеу үшін қолданылатын отбасы мүшесіне шаққандағы жиынтық табысын есептеу туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 16 қараша N 960. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.03.21. N 382 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңдық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ бағаның ырықтандырылуы жағдайында табысы аз жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен балалары бар отбасыларын әлеуметтік жағынан қолдауды күшейту жөніндегі нысаналы және нақты саясат жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты табысы аз азаматтарға өтемақы және балаларға жәрдемақы төлеу үшін қолданылатын отбасы мүшесіне шаққандағы жиынтық табысын есептеу туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін және ол 1992 жылғы 1 қазаннан бастап күшіне енгізілсін.

2. 1992 жылғы 1 қазаннан бастап балаларға төленетін бірыңғай жәрдемақы тоқсан сайын 3 жасқа дейінгілерге - 1850 сом, 3 жастан 18 жасқа дейінгілерге - 1375 сом мөлшерінде болып белгіленсін.

3. Осы қаулының 2-тармағында көрсетілген жәрдемақы 1992 жылдың III тоқсанында отбасы мүшесіне шаққанда орташа айлық жиынтық табысы есептік көрсеткішінің төменгі жалақының төрт еселенген шамасынан аспайтын жағдайда, әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен шешесінің жұмыс (оқу) орны бойынша төленсін.

4. 1993 жылдан бастап табысы аз жұмыс істемейтін зейнеткерлерге өтемақы мен балаларға бірыңғай жәрдемақы отбасы мүшесіне шаққанда орташа айлық жиынтық табысы өтемақы немесе балаларға бірыңғай жәрдемақы алу жөнінде өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда ең төмен жалақының төрт еселенген шамасынан аспаған жағдайда тағайындалатын болып белгіленсін. Өтемақы және балаларға бірыңғай жәрдемақы, сондай-ақ есептік көрсеткіші "Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті туралы" Қазақстан

Республикасының Заңында реттелетін болады. Табысы аз жұмыс істемейтін зейнеткерлерге өтемақы зейнетақы алатын орны бойынша төленеді.

ЕСКЕРТУ. 3 және 4-тармақтарындағы сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің  
1996.08.09. N 987 қаулысымен.

5. Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты табысы аз азаматтарға өтемақыны және балаларға бірыңғай жәрдемақыны кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың, оның ішінде халықты әлеуметтік жағынан қорғау органдарының дұрыс тағайындап, төлеуін олардың жоғары тұрған ұйымдары, қаржы және салық органдары бақылайды.

6. Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты азаматтарға өтемақы мен балаларға бірыңғай жәрдемақы олар бойынша заңсыз тағайындалған немесе төленген құжаттарды дұрыс ресімдемегені үшін меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жауап береді.

7. Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың кінәсінен заңсыз төленген өтемақы мен балаларға бірыңғай жәрдемақы сомасы жәрдемақы тағайындау жөніндегі комиссияның шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының тиісті шотына үш есе мөлшерде қайтарылады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 16 қарашадағы

N 960 қаулысымен

Бекітілген

Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты  
табысы аз азаматтарға өтемақы және балаларға

жәрдемақы төлеу үшін қолданылатын, отбасы мүшесіне  
шаққандағы жиынтық табысын есептеу туралы

## Е р е ж е

ЕСКЕРТУ. Ереженің мәтініндегі "ең төменгі жалақының" деген  
сөздер "есептік көрсеткішінің" деген сөздер мен  
ауыстырылған - ҚРҰ-нің 1996.08.09. N 987 қаулысымен.

Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты табысы аз азаматтарға  
өтемақы\* және балаларға бірыңғай жәрдемақы Қазақстан Республикасының  
заңдарына сәйкес тағайындалады және төленеді. Сілтеме. Негізгі тамақ  
өнімдерінің қымбаттауына байланысты табысы аз жұмыс істемейтін  
зейнеткерлерге өтемақы бұдан былай - өтемақы деп аталады.

Өтемақы мен балаларға бірыңғай жәрдемақы, отбасы мүшесіне шаққандағы  
орташа айлық жиынтық табысы ең төмен жалақының төрт еселенген мөлшерінен  
аспайтын жағдайда тағайындалады.

Өтемақының немесе балаларға бірыңғай жәрдемақының мөлшерін анықтаған  
кезде қолданылатын ең төмен жалақы отбасы мүшесіне шаққандағы жиынтық  
табысын анықтаған кезеңге орташа сарапталған шама ретінде есептеледі (жыл,  
тоқсан).

1-мысал. Тоқсан ішінде жалақының ең төмен мөлшері былайша  
өзгеріп отырады делік:

сәуір - 342 сом

мамыр - 600 сом

маусым - 600 сом

Ең төменгі жалақының орташа сарапталған шамасы тоқсан  
бойынша 514 сом болады  $(342 \times 1 + 600 \times 2) : 3$ . Жәрдемақының мөлшерін  
анықтау үшін 515 сом мөлшеріндегі орташа сарапталған ең төменгі  
жалақы, яғни кез-келген сома көбейту жағына қарай 5-ке немесе  
0-ге ықшамдалады.

1. Өтемақы мен жәрдемақы алу хұқығын анықтау  
кезінде ескерілетін отбасы құрамы

1. Өтемақы мен балаларға жәрдемақы алу хұқығын анықтау  
кезінде отбасы құрамында мыналар есептеледі:

- ері, әйелі, 18-ге толмаған олардың асырауындағы балалар немесе бұл

жастан асқан бала жасынан мүгедек ретінде әлеуметтік зейнетақы алатын балалар, сондай-ақ ерлі-зайыптылармен бірге тұратын жұмысқа жарамайтын ата-аналары: зейнетақы алмайтын 60 жасқа келген еркектер, 55-ке келген әйелдер;

- 18 жасқа толмаған жоғары оқу орындарының студенттері, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарының (училищелердің, мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, колледждердің, кадрлар даярлайтын курстардың) оқушылары, соның ішінде стипендия алатындары да (ата-аналарымен бірге тұратын-тұрмайтынына немесе басқа қалаларда оқитынына қарамастан);

- шартты түрде мерзімінен бұрын тұтқындау орнынан босатылып, құрылыс жұмыстарына немесе өнеркәсіпте жұмыс істеуге (қалған мерзімге) жіберілген адамдар;

- міндетті түрде еңбекке тарта отырып, шартты түрде бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар;

- отбасында тұратын өгей ұлдар мен өгей қыздар, егер олар ата-аналарының отбасында есепке алынбаған болса;

- емханада, балалар санаторийлерінде емделіп жатқан балалар, сондай-ақ мектеп-интернатта тәрбиеленгені үшін ата-аналары немесе қамқоршылары ішінара ақы төлейтін балалар.

2. Өтемақы мен балаларға жәрдемақы алу хұқығын анықтау кезінде отбасы құрамында мыналар есептелмейді:

- ерлі-зайыптылардың атасы, әжесі, аға-інілері, апа-қарындастары;

- ата-ана хұқығынан айырылған ата-аналардың балалары;

- мемлекеттік қамсыздандыруға алынған балалар; әскериоқу орындары офицерлер құрамының, прапорщиктер, мичмандар әскери атақтары жоқ курсанттары мен тыңдаушылары, Ішкі істер министрлігі жүйесі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары;

- теңізде жүзу училищелері мен Азаматтық авиация министрлігінің арнаулы оқу орындарының курсанттары; тамақ, киім-кешек және жатақхана тегін берілетін ақыл-есі кем және дене бітімі мүкіс балаларға арналған мектеп-интернаттарға, балаларға арналған санаторий-орман мектептеріне, арнаулы балалар үйлеріне, жалпы білім беретін жалпы үлгідегі мектеп-интернаттарға, олимпиадалық резервтер мектептеріне, суворовтық, нахимовтық училищелерге, отбасылық үлгідегі балалар үйлеріне орналастырылған балалар, кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары. Тұратын орынмен қамтамасыз етілмеген оқушылар, мемлекеттің толық асырауындағы балалардың қатарына жатқызылмайды;

- қамқоршы (асырауға алушы) отбасында тәрбиеленуші балалар;

- 18 жасқа толған және одан да ересек балалар;

- мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, оның ішінде қызметін әскери-құрылыс отрядтарында өтеуші әскери қызметшілер.

3. Егер жалғыздікті ана (жасына қарамастан) баласымен өзінің әке-шешесімен бірге тұратын болса, онда анаға берілетін жәрдемақы оның ата-анасының табысын есепке алмай есептелуге тиіс.

4. Қамқорлықтағы балаларға бірыңғай жәрдемақы алу хұқын анықтаған кезде қамқоршылардың табысы емес, осы балаларға алынатын зейнетақы, жәрдемақы мен алимент есепке алынады.

5. Әке-шешесі бөлек тұрған жағдайда балалар шешесінің немесе әкесінің отбасында нақты тұруына қарай есепке алынады.

6. Егер мемлекет тарапынан қамтамасыз етілетін балалар жазғы каникул кезінде үйлерінде тұратын болса, онда олар отбасының құрамында есептеледі және өтемақы мен жәрдемақы алу хұқығы қайта қаралады.

7. Өтемақы мен жәрдемақы алу хұқығын анықтау кезінде отбасы мүшелері өтемақы немесе жәрдемақы алу жөнінде өтініш жасаған сәтке есепке алынады.

Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты табысы аз зейнеткерлерге төленетін өтемақы және балалары бар отбасына жәрдемақы егер оны алу хұқығы пайда болған күннен бастап 6 айдан кешіктірілмей өтініш берілгенде тағайындалады. 6 ай өткеннен кейін өтемақы алу жөнінде өтініш жасалған жағдайда ол өтемақы тағайындау туралы арызы барлық қажетті құжаттарымен бірге берілген айға дейінгі, бірақ бұрынғы 6 айдан аспайтын уақытқа өтемақы тағайындалып, төленетін болады.

II. Отбасының орташа жиынтық табысын есептеу  
Ескерту. II-бөлімнің күші жойылған, III және IV бөлімдері  
II және III бөлімдер болып саналды - ҚРҰ-нің  
1996.05.15. N 604 қаулысымен.

II. Жиынтық табысты анықтаудың ерекшеліктері

10. Өтемақы мен балаларға жәрдемақы алу хұқығын анықтау кезінде отбасы құрамында есептелген барлық адамдардың табысы қамтылады. Табыстар ұсталған соманы қосқанда (салықтарды, зиянды өтеу тәртібімен төленетін соманы, т. б.) есептелген сома бойынша ескеріледі. Табыстардың сомасынан тек төленетін алименттер ғана алып тасталады.

Аналарға берілетін ай сайынғы жәрдемақы сомасы төленуге тиісті болған жылдың табысы ішінде есептеледі.

11. Шетелде жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысында жалақы ұлттық валютамен де, шетелдік валютамен де ескеріледі. Бұл орайда шетелдік

валютамен алынған табыстар отбасының өтемақы немесе жәрдем ақы алу хұқығын айқындау сәтінде қолданылған коммерциялық бағам бойынша соммен қайта есептеледі.

Егер Қазақстан Республикасының азаматшасы Қазақстан Республикасына келген шетелдік азаматпен некеге тұрса, отбасының жиынтық табысы әйелдің және шетелдік азаматтың (ерінің) Қазақстан Республикасында алатын сом және шетелдік валюта түріндегі табыстарын айқындау сәтінде қолданылған валюта бағамы бойынша соммен есептеліп айқындалады.

Баланың әкесі шетелдік азамат болып шешесі онымен некеге тіркелмеген, бірақ онымен бірге тұрған жағдайда отбасының жиынтық табысы оның табыстарын есептемей айқындалады және ол отбасының құрамында есептелмейді.

12. Осы кәсіпорында, мекемеде, ұйымда еңбекке ақы төлеу жүйелерінде көзделмеген және отбасының жиынтық табысын айқындау кезінде есепке алынуға тиіс сыйлықтар олардың төлену кезінде (ай сайынғы, тоқсандық, жылдық, жұмыстың белгілі бір кезеңдері үшін) қарамастан, оның есептелген уақытына қарай, яғни ол төлем ведомосына не оны ауыстыратын құжатқа енгізілген айдағы жиынтық табысқа қосылады.

13. Азаматтық-хұқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін отбасы мүшелерінің табыстары шарт негізінде айқындалады, ал егер онда алынған сома көрсетілмесе, онда жұмыс істелген кәсіпорынның, ұйымның анықтамасы негізінде айқындалады.

Азаматтық-хұқықтық шарттарда алынатын ақының сомасы көрсетілмеген жағдайда осы шарттар бойынша істелген жұмыс үшін табыстар жиынтық табыста берілген арызға сәйкес және қайта тексеру материалдары негізінде есептеледі.

Ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларын жазу, басып шығару, орындау немесе өзге де пайдалану жөніндегі шарттар болған жағдайда осы шарттың есебіне аванс ретінде және түпкілікті есеп айырысу кезінде төленетін сыйақы бір жылғы табысты айқындау мақсатымен шарттың күші қолданылатын жылдардың санына жинақталып, бөлінеді.

14. Жеке азаматтарда немесе азаматтар ұжымында жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысында олардың нақтылы алған ақысы ескеріледі. Бұл орайда осы адамдардың жалақысының заттай бөлігі олардың жиынтық табысына ақшалай төленетін ақының 100 проценті мөлшерінде қосылады.

15. Әскери қызметшілердің ақшалай түсімі отбасының жиынтық табысына үстеме мен қосымша ақыны ескере отырып қосылады. Бұл арада мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің, оның ішінде әскери-құрылыс отрядтарында қызметін өтеп жатқан әскери қызметшілердің де, ақшалай қаражаты қосылмайды.

, өйткені олар отбасының құрамында есептелмейді.

16. Алынатын алименттер отбасының жиынтық табысында олар есептелетін және аударылған уақыт бойынша есептеледі, ал төленген алименттер есептелмейді. Әке-шешенің табысын қайта есептеуге байланысты балаларға алынған алименттер сомасы берешек болып табылмайды және отбасының жиынтық табысында олардың аударылған уақыты бойынша есептелінеді.

Ерлі-зайыптылар арасындағы неке бұзылған, бірақ шешесі өзінің жазбаша арызы бойынша табыс айқындалатын жылы (тоқсанда) алимент алмаған жағдайда жиынтық табыс алиментсіз есептелінеді. Егер шешесінің алимент алу фактісін жасырғаны анықталса, онда балаға берілетін жәрдемақының артық төленген сомасы қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіппен ұсталады.

Егер шешесіне (әкесіне) соттың шешімімен алимент өндіріп алынбайтын болса, сондай-ақ ерлі-зайыптылар арасындағы неке бұзылған, бірақ шешесі (әкесі ) алимент алудан бастартқан не оны алмаған жағдайда жиынтық табыс сот шешімінің көшірмесін не жәрдемақы сұраған адамның алимент алмағаны туралы жазбаша арызы табыс етілгеннен кейін алиментсіз есептелінеді.

Жиынтық табысты айқындау кезінде алынған алимент сомасы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамасы негізінде, әкесі (шешесі) алиментті тікелей өзі жіберген жағдайда - почта аудармалары, шешесінің (әкесінің) арызы негізінде есептелінеді.

17. Өтемақы немесе жәрдемақы жөнінде өтініш жасалған жылы отбасының құрамында бала тууына немесе басқа да себептерге байланысты өзгеріс бола қалған жағдайда өтемақы немесе жәрдемақы алу хұқығы қайта қаралады.

18. Жалғыздікті ананың баласына, жесір әйелге (тұл еркекке), ажырасқан әйелге (еркекке) тағайындалған жәрдемақы, шешесінің некеге тұрғанына қарамастан, күнтізбелік жылдың соңына дейін төленеді.

19. Отбасының бір немесе екі мүшесі I немесе II топтағы мүгедектер әрі жұмыс істемейтін болса, отбасының орташа айлық жиынтық табысын есептеген кезде, аталған адамдардың өтемақы немесе балаларға жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасаған жылдың (кезеңнің) алдындағы жылғы (тоқсандағы) табысы есептелмейді, ал отбасының орташа айлық жиынтық табысына мүгедекке тағайындалған зейнетақы қосылады.

Егер өтемақы немесе жәрдемақы тағайындалғаннан мүгедек тұрақты жұмысқа түскен болса, отбасының орташа айлық жиынтық табысы мүгедектің өткен жылы (тоқсанда) алған табысының жалпы сомасы ескеріліп қайтадан е с е п т е л і н е д і .

20. Асыраушысынан айрылған отбасыға өтемақы немесе жәрдемақы тағайындау туралы мәселе асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақы белгіленгеннен кейін шешіледі, ал асыраушысының табысының орнына,

отбасының орташа айлық жиынтық табысында тағайындалған зейнетақы е с е п т е л і н е д і .

Егер асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы тағайындалған бала мемлекеттік қамсыздандыруға көшірілсе, балаларға жәрдем ақы алу хұқығын анықтау кезінде ол отбасының құрамында болады және оның алдыңғы жыл үшін алған зейнетақыдағы үлесі есептелмейді.

### III. Отбасының жиынтық табысын есептеу

21. Жиынтық табыс отбасының балаларға жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасаған жылдың алдындағы күнтізбелік жылғы табыстары бойынша ( тиісінше тоқсандағы - алдыңғы үш айдағы) айқындалады.

Отбасының орташа жиынтық табысын есептеу кезінде өтемақы немесе балаларға берілетін жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасаған сәттегі отбасының құрамына кіретін оның мүшелері және олардың табыстары есептелінеді (егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе).

Айына отбасының мүшесіне шаққандағы орташа жиынтық табыс отбасының күнтізбелік жылғы табыстарының жалпы мөлшерін 12-ге (отбасының орташа айлық жиынтық табысы), сосын отбасы мүшелерінің санына (тоқсан үшін тиісінше 3-ке) бөлу арқылы есептелінеді.

22. Әкесі мерзімді қызметін өтеп, армиядан қайтқан отбасының бір мүшесіне шаққандағы орташа айлық жиынтық табыс отбасының алдыңғы жылғы табыстарының жалпы мөлшерін бөлу арқылы есептелінеді (ерінің армиядан қайтқаннан кейінгі жалақысы - егер мұндай түсім болса, әйелінің жалақысы мен мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына алынған ай сайынғы жәрдемақысының сомасы 12-ге, сосын отбасы мүшелерінің санына бөлінеді) ( тоқсан үшін тиісінше 3-ке бөлінеді).

23. От басында уақытша болмауына байланысты отбасының құрамында есепке алынбауға тиісті және өтемақы немесе балаларға жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған жылы жұмысқа тұрған немесе осы Ереженің II-бөліміне сәйкес табыс айқындалатын күнтізбелік жылы толық жұмыс істемеген отбасы мүшелерінің орташа айлық табысын айқындау кезінде олардың тиісті жылғы жұмыс істеген барлық толық айларындағы табыстары (жалақы, еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы т. б.) есептелінеді; орташа айлық табыс жұмыс істеген барлық толық айлардағы табысы мен басқа да табыстарды осы айларға бөлу арқылы айқындалады.

Егер отбасының аталған мүшелері өтемақы немесе балаларға жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасаған сәтке дейін толық бір айға толмайтын уақыт жұмыс істеген болса, онда барлық жұмыс істеген уақыттағы табысы жұмыс



істелген күндердің санына бөлініп, алынған сома орта есеппен бір жылда айқындалған бір айдағы жұмыс күндерінің санына көбейтіледі (6 күндік жұмыс аптасында - 25,4 күн және 5 күндік жұмыс аптасында - 21,2 күн).

24. Өтемақы немесе балаларға жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған жылы некенің бұзылуына байланысты отбасының құрамында өзгеріс болған отбасыларының орташа айлық табысын есептеу кезінде отбасының алдыңғы жылғы табысы отбасының кеткен мүшесін және оның табысын ескере отырып е с е п т е л і н е д і .

Өтемақы немесе балаларға берілетін жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған жылы бас бостандығынан айыруға сотталуына немесе оның күштеп емдеуге жіберілуіне байланысты ерлі-зайыптының бірі отбасында болмаған жағдайда бұл отбасының алдыңғы жылғы орташа жиынтық табысын есептеу кезінде отбасының кетіп қалған мүшесі және оның табыстары ескеріледі. Келесі жылы бұл отбасылардың орташа жиынтық табысын есептеу кезінде кетіп қалған ері және оның сотталғанға (күштеп емделуге жіберілгенге) дейінгі табыстары, алименттер және отбасының аталған адамдардан сотталғаннан (күштеп емдеуге жіберілгеннен) кейін алатын басқа да сомалары ескеріледі. Егер бұл адамдар отбасында аталған себептер бойынша толық күнтізбелік жыл бойына болмаса, олар отбасының құрамында есептелмейді.

Ерлі-зайыптылардың арасындағы неке бұзылмаған, бірақ өтемақы немесе жәрдемақы тағайындау туралы өтініш жасалған жылы әкеден (шешеден) алимент өндіріп алу туралы соттың шешімі шығарылған жағдайда отбасының орташа жиынтық табысын айқындау кезінде төленетін алименттің сомасы емес, әкесінің (шешесінің) табысы есептеледі және оның өзі отбасының құрамына енгізіледі. Бұл

отбасы өтемақы немесе жәрдемақы тағайындау жөнінде келесі жылы өтініш жасалғанда кетіп қалған ерінің табыстары есептелмейді, тек алынған алименттің орташа айлық сомасы есептеледі.

2-мысал. Отбасы 5 адамнан тұрады (ері, әйелі және 17, 7, 5 жастағы үш бала). 1993 жылы жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасады.

1992 жылдың IV тоқсанында отбасы мүшелерінің мынадай табыстары болды:

а) жалақы:

ері 3 айда - 5075 сом

әйелі 3 айда - 4020 сом

17 жастағы ұлы 1 айда - 880 сом

ә) стипендия 2 айда - 1400 сом

Отбасының жалпы тоқсандық табысы 11375 сом болды.

Отбасының IV тоқсандағы орташа айлық табысы 3791 сом 67 тиын (11375 сом:3), ал отбасының бір мүшесіне шаққанда 758 сом 33 тиын (3791 сом 67 тиын: 5 ) .

1992 жылғы IV тоқсанда ең төмен жалақы айына 900 сом болғанда ең төмен жалақының төрт еселенген мөлшері 3600 сом болады. Демек, отбасының 5 және 7 жастағы балаларға белгіленген мөлшерде бірыңғай жәрдемақы алуға хұқы бар.

3-мысал. 1993 жылғы қаңтарда балаларға жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасаған отбасы 6 адамнан тұрады: ері, әйелі, 4 және 2 жастағы екі баласы және ерлі-зайыптының біреуінің зейнетақы алатын әке-шешесі.

Жәрдемақы хұқығын қарау кезінде отбасының құрамында мыналар есептеледі: ері, әйелі және екі бала, барлығы 4 адам. Әйелі алдыңғы тоқсанда баланы күтуге байланысты демалыста болған.

Ерінің 1992 жылғы IV тоқсандағы жалақысы айына 3500 сом болды (тоқсанда 10500 сом ) .

Отбасының тоқсандық табысы 10500 сом, отбасының орташа айлық табысы - 3500 сом (10500 сом :3), ал отбасының бір мүшесіне шаққандағы орташа айлық табыс - 875 сом 00 тиын .

Отбасының жәрдемақы алуға хұқығы бар, өйткені 1992 жылғы IV тоқсанда ең төменгі жалақы айына 900 сом болғанда, ең төменгі жалақының төрт еселенген мөлшері 3600 сом .

25. Жәрдемақы алған жылы (тоқсанда) табыстарда болған өзгерістер есептелмейді .

4-мысал. 1993 жылы отбасына он жасқа толмаған 2 бала үшін жәрдемақы тағайындалды. Жәрдемақы тағайындау кезінде ерінің 1992 жылғы IV тоқсандағы айына 4500 сом мөлшеріндегі табысы ескерілді. 1993 жылғы ақпанда балалардың бұрын жұмыс істемеген шешесі жұмысқа тұрды, осыған орай материалдық ахуалы жақсарды, алайда бұл жағдай ескерілмейді, сөйтіп 1993 жылғы I тоқсанның аяғына дейін отбасы жәрдемақы алып отыратын болады.

26. Ағымдағы жылы (тоқсанда) отбасының мүшесіне шаққанда өткен күнтізбелік жылы (тоқсанда) есептелген жиынтық табысы азаматтардың арызы бойынша мынадай жағдайда :

бала туғанда, шешесіне баланы күтуге байланысты демалыс берілгенде; міндетті әскери қызметті өтеу үшін Қарулы Күштерге шақырылғанда (

офицерлер құрамынан басқа);

отбасының мүшесі қайтыс болғанда, ата-аналық хұқықтан айырылғанда, неке бұзылғанда, бала мемлекеттік қамсыздандыруға көшірілгенде анықталады.

27. Егер өтемақы немесе жәрдемақы жөнінде өтініш жасалған жылы (тоқсанда) отбасының құрамында некенің бұзылуына байланысты өзгерістер болса, отбасының алдыңғы жылғы (тоқсандағы) орташа айлық табысы жалпы тәртіппен есептелінеді, яғни кетіп қалған зайыбы және оның табыстары ескеріледі.

Егер некенің бұзылуына байланысты отбасының құрамындағы өзгерістер жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған жылдың (тоқсанның) алдындағы жылы (тоқсанда) болса және отбасы алимент алып жүрсе, онда кетіп қалған зайыбы және оның табыстары есептелмейді, ал отбасының бір жылғы (тоқсандағы) орташа айлық табысына алынған алименттің орташа айлық сомасы қосылады, бұл сома өткен жылы (тоқсанда) алынған алименттің жалпы сомасын осы алимент төленген толық айлардың санына бөлу арқылы айқындалады.

5-мысал. 1992 жылғы қазанда ерлі-зайыпты некені бұзды. Қарашаның 1-інен бастап жылдың аяғына дейін шешесі екі балаға 1130 сом алимент алды. Алименттің айына орташа мөлшері 565 сом болды (1130 сом:2). Шешесінің 1992 жылғы IV тоқсандағы орташа айлық жалақысы - 2500 сом. Отбасының 1992 жылғы IV тоқсандағы жалпы айлық табысы 3065 сомға тең (2500+565), ал отбасының бір мүшесіне шаққанда - 1021 сом 67 тиын (3065 сом:3).

28. Егер неке өтемақы немесе жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған жылдың (тоқсанның) алдындағы жылдан (тоқсаннан) ерте бұзылған және шешесі жиынтық табыс аяқталатын жылдың (тоқсанның) барлық айларында толық алимент алмаған болса, онда бұл ретте отбасының жиынтық табысы күнтізбелік жылы (тоқсанда) нақты алынған алиментті негізге ала отырып есептелінеді. Алынған алименттің сомасы 12-ге (3-ке), сосын отбасы мүшелерінің санына бөлінеді.

Ерлі-зайыптылар арасында неке бұзылмаған, бірақ өтемақы немесе жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған жылы (тоқсанда) әкесінен (шешесінен) алимент өндіріп алу туралы соттың шешімі шығарылған жағдайда отбасының орташа жиынтық табысын айқындау кезінде төленетін алименттің сомасы емес, әкесінің (шешесінің) табыстары есептеледі, сөйтіп оның өзі отбасының құрамына кіреді. Осы отбасы келесі жылы (тоқсанда) өтемақы немесе жәрдемақы жөнінде өтініш жасағанда кетіп қалған зайыбының табысы есептелмейді, тек алынған алименттің орташа айлық сомасы есептелінеді.

29. Егер отбасында ерлі-зайыптылардың бірі өтемақы немесе жәрдемақы жөнінде өтініш жасаған жылдың (тоқсанның) алдындағы жылы (тоқсанда) бас бостандығынан айыруға сотталған немесе күштеп емдеуге жіберілген болса және

осыған байланысты күнтізбелік жылы (тоқсанда) толық жұмыс істемеген болса, онда осы отбасының орташа жиынтық табысын есептеу кезінде кетіп қалған зайыбы отбасы мүшелерінің құрамында және оның сотталғанға (күштеп емдеуге жіберілгенге) дейінгі кезеңдегі табысы есептеледі. Сотталғаннан (күштеп емдеуге жіберілгеннен) кейінгі айларда кетіп қалған зайыбының және оның табыстары отбасының жиынтық табысында есептелмейді, ал оның табыстарының орнына алимент және одан алынған басқа да сома есептелінеді.

6-мысал. Отбасы 5 адамнан тұрады (ері, әйелі және 16 жасқа дейінгі, орта мектепте оқитын үш баласы). 1992 жылғы қарашада әкесі 2 жылға бас бостандығынан айыруға сотталды. Ерінің 1992 жылғы қазандағы жалақысы айына 2495 сом, әйелінікі - 1700 сом болды. Отбасының 1993 жылғы 1 тоқсанда балаларға берілетін жәрдемақы хұқығын анықтау кезінде жиынтық табыс 1992 жылғы IV тоқсандағы табыстар бойынша есептеледі: ерінің сотталғанға дейінгі жалақысы 2495 сом (2495x1), әйелінің осы кезеңдегі жалақысы -1700 сом (1700x1). Отбасының қазандағы табысы 4195 сомға тең (2495+1700), ал осы кезеңде отбасының бір мүшесіне шаққанда -839 сом (4195:5). Әйелдің қалған 2 айдағы табысы 3400 сом болды, балаларға ерінен алынған алимент - 1650 сом. 2 айда жиынтығы 5050 сом, ал отбасының бір мүшесіне шаққанда -1262 сом 50 тиын (  $5050 : 4 = 1262,5$  ).

Отбасы мүшелерінің тоқсандағы бүкіл табысы 2101 сом 50 тиын (839+1262,5), ал отбасының бір мүшесіне шаққанда орташа айлық табыс -700 сом 50 тиын (  $2101,5 : 3 = 700,5$  ). Демек, отбасының толық мөлшерде жәрдемақы алуға хұқығы бар.

30. Отбасында болмаған ері жазасын өтегеннен (күштеп емдеуден өткеннен) кейін отбасына қайтып оралған және осыған байланысты күнтізбелік жылы (тоқсанда) толық жұмыс істемеген отбасының бір жылғы (тоқсандағы) орташа айлық табысын анықтаған кезде оның бір жылғы (тоқсандағы) жұмыс істеген барлық толық күнтізбелік айларындағы табысы есептеледі. Орташа айлық табыс қайтып оралған ерінің тиісті жылдағы (тоқсандағы) жұмыс істеген барлық толық айларындағы табысы мен басқа да табыстарын осы айлардың санына бөлу арқылы айқындалады. Мұндай жағдайда отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы орташа табыс бөлек есептеледі және алынған сома отбасының есептелінетін мүшелерінің санына бөлінеді.

7-мысал. Ері жазасын өтегеннен кейін 1992 жылғы қарашада қайтып оралды (қазанда алимент төлеген жоқ). Оның тұтқындау орнына қайтып оралғаннан кейінгі толық 1 айдағы (желтоқсан) табысы 4000 сом. Әйелінің 1992 жылғы IV тоқсандағы орташа айлық жалақысы 2100 сом. Бүкіл отбасының (5 адамнан тұрады) орташа айлық табысы 5100 сомға тең (4000+2100), ал отбасының бір мүшесіне шаққанда - 1220 (5100:5). Отбасының жәрдемақы алуға хұқығы бар.

Егер бұл адамдар өтемақы немесе жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш

жасаған жылы (тоқсанда) аталған себептермен жұмысқа тұрған болса, олардың табысы осындай тәртіппен есептеледі.

Кетіп қалған зайыбы аталған себептермен отбасында толық күнтізбелік жыл (тоқсан) бойына болмаған жағдайда ол отбасының құрамында есептелінбейді.

31. Егер жазасын өтегеннен немесе күштеп емдеуден өткеннен кейін қайтып оралған зайыбы өтемақы немесе жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасалған сәтте толық бір айға толмайтын уақыт жұмыс істеген болса, бүкіл жұмыс істеген уақыттағы табыс жұмыс істелген күндерге бөлінеді, ал алынған сома бір айдағы жұмыс күндерінің орташа санына бөлінеді (6 күндік жұмыс апталығында - 24,5 күн, 5 күндік жұмыс апталығында - 21,2 күн).